

Қорыта айтқанда, Ұбырай Алтынсаринді тану тек халықтың, қоғамның, ғылымның ғана міндепті емес, оны оқып үйрену өзін мәдениетті, білімді санайтын әрбір азаматтың парсызы, оның ұлттық көркемдік түсінігін тәрбиелеумен өсудің – бір құралы. Сондықтан да Ұбырай атамыз армандаған ұстаз қоғам талабына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Ұбырай Алтынсариннің 19-ші ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған принциптері 21-ші ғасырга аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмытылыш жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектігін бір де бір жоғалтқан жоқ, керісінше, уақыт өткен сайын жаңа мазмұнға ие болып, жаңа, жандана түсіде десек қателеслеспіз. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабакастықты және дәстүр түрақтылығын тағы да дәлелдей түсуде.

Ұбырай атамыздың оқу-тәрбие ісіндегі идеялары, көзқарастары өлі құнғе дейін өзінің актуалдылығын жоғалтқан жоқ. Атамыз, бізге, ұстаздарға, яғни өз халқының келешек үрпақтарына сеніп кеткен. Міне, қазір біз Ұбырай атамыздың педагогикалық көзқарастарының қанша уақыт өтсе де жанданып, жүзеге осы қунде асқанын айқын көріп отырымыз.

## **ҰБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ**

**Рахимова Э.Е.**

**«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің №3 орта мектебі ММ»**

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарық-қа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзеттік махаббаттың арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алғып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлөрі үрпақтан- үрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген.

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі- Ұбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың тәңіздей толқып тасыған інжү – маржан жырларын жақын біліп, еңбегіне арқа өткен. Сүйтіп, өзі өмір сүрген дәүірдің мұрат- мұдделеріннің көдесіне, үрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға. Бұдан бір ғасыр бұрын халықтың, әрбір адамның жарқын болашағын өнер-біліммен тығыз байланысты қарастырылған Ұбырай Алтынсаринның педагогикалық мұрасында білім мен ізгіліктің негізін қалайтын ұстаз тұлғасы туралы өзінің өзектілігін жоғалтпайтынын, қайта қун өткен сайын жарқырай түсетін идеялар мол және берері өлі де көп. Туған елін сүйеттін, оның болашағы үшін жаңы ауырған біртуар азамат Ұбырай Алтынсарин бір өзі қазақ балаларын, қазақ халқын білімге шақырған ол қыын жағдайда ауқымды да маңызды істерді іске асырды.

Еңбеккөрlyлығы, іздемпаздығы, халқына деген шекіз сүйіспеншілігі оған уақытта демеу болып, осы қасиеттері арқылы ол қажымай-талмай өзі ашқан мектептеріне оқу бағдарламаларын құрастырып, соларды балалардың санасына құйып, тәрбиелеудің әртүрлі жолдарын ізденуден жалықпады. Бұл ізденістері оның еңбектерінде айқын көрініс береді.

Сонымен қатар, Ұбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. «Мен қазақ жастарының классикалық гимназияларда, ауыл шаруашылық академияларында оқып, білім алғын, өз халқына қызмет етуін, жаңалықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін», – дей келе, қазақтың аса көрнекті азаматтарының бірі Ұбырай Алтынсарин өзінің ардақты борышы қазақ балаларын оқыту деп түсінді.

«Тастан сарай салғызатын», «жылдам хабар алғызатын», «адамды құстай ұшыратын», «отынсыз тамақ пісіретін», «сусыздан сусын ішкізетін» керемет күш -білім деғен Ұбырайдың ой тұжырымы бүгінгі заман үрдісімен үндес.

Ал оның заманы тарихтың бір аумалы – төкпелі кезеңі болған еді. Өйткені ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін- ақ енді қазақ жеріне Ресей патшалығының сұғы қадалып, жаулауы басталған-ды. Қазақ халқы небір зорлық- зомбылық, зобалаңды басынан өткізіп жатты. Ауыр заманда білім алғып, ат жалын тартып мінгесін-ақ Ұбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді. Ұбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілшар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де үрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселеін көтеруге бет бүрді. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Шиеленісken тартыстар,

соны бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты.

Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. І. Алтынсаринның көркем әдебиетті мектеп қабырғасында оқытуға байланысты қазақ балалары үшін ана тілінде «Қыргыз хрестоматиясы» (Қазақ хрестоматиясы) атты алғаш оқулық жазып тәжірибеге енгізуі арнайы пән ретіндегі оқытудың тұнғыш бастамасы болғаны аталады.

Әзінің ағартушылық мақсаттары ана тіліндегі төл оқулықсыз жеткілікті дөрежеде жүзеге аса алмайтынын білген үлгі ұстаз оқу құралын жазу себебін мына жолдар арқылы туғсіндіреді: «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бірде-бір кітаптың жоқтығынан оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан шәкірттерге амалсыздан татар тілінен ешқандай кемдігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тұра келді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі араб, парсы сөздеріне толған, сол себепті ол қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шықкан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан оларды осы жағынан алғанда дүниялы мақсаттарды қөздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану қолайсызы».

Оқулық жазуда автор:

- оқу материалдарының оқулыққа балалардың жас ерекшеліктеріне, педагогикалық, прогрестік даму талаптарына сай сұрыпталынып енгізілуі;

- материалдардың орналасу, берілу тәртібінің тәрбиелік-өнегелік түрғыда үлгі болуы;

- оқушыға материалды менгеруде баса назар аударатын мәселелерді қарастыруда оқытушының әрекеттері сияқты ұстанымды негізге алғанын көреміз;

Осы әрекеттердің түп-төркіні көркем мәтінді түсіндіруде талдау қажеттігі жатқанын байқатады.

Оқулықта балалар өмірінен, күнделікті түрмистан алынған әңгімелер, қазақ ақындарының өлеңдерінен, жырларынан үзінділер, халық даналықтары, мақалдар мен мәтеддер, И. Паульсонның хрестоматиясындағы балалар әңгімелері аударылып берілді.

Жалпы білім беретін орта мектептері оқу пәндерінің жетекші өлшемдерінің бірі – білім мазмұнның тәрбиелік, өнегелік, тұлғаны дамытушылық мәні дейтін болсақ, онда қазақ әдебиеті пәнінің белгілі мазмұнның негізгі құрамдас белігі болып саналатын халық ауыз әдебиеті пәндік бастаудың бір саласы түрінде, отаншылдық сезімді, азаматтық, имандылық, гуманистік дүниетанымды қалыптастыруға қызмет ететін тәрбие құралы ретінде оқулықтан орын алды.

Ұбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы "Қазақ хрестоматиясы" (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылыды. Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде "Сөз басы" деген атпен алған. Қазір бұл өлеңдер "Кел, балалар, оқылық", "Өнер-білім бар жүрттар" деген атаулармен мәлім. Ол халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындыларын да оқу-білімді насиҳаттаудың, оқушыларды білімге қызығушылықтырын ояту үшін ұтымды әдісінің қажеттігін көрсетті. Оқу білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насиҳаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін, әсерін терең сезінді, сенді. Қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сіңіруге шақырды.

"Кел, балалар, оқылық" өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

1) Істің болар қайыры

Бастасаңыз алдалап.

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап.

2) Надандықтың белгісі-

Еш ақылға жарымас...

Жөн білмеген адамға

Қыдыр ата дарымас...

Бұл өлеңдер халықтың күйін, сол кездегі жағдайын айқын көрсеткен. Балаларды білімге шақырып, білімге деген құштарлықтарын оятуға баулыған. Мысалы, мал байлығын салыстыру, надандық, еңбексіз байлықтың баянсыздығы т.б.

Ал "өнер- білім бар жүрттар" өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді. ("Сарай салғызы", "Айшылық алыс жер", "Көзінді ашып жүмғанша", "Құстай үшу", "Балықтай жүзу", "Өнер-жігіт көркі", "Сіздерге бердім ба-

тамды" т.б. Бұл өлеңдерде Ыбырай балаларды өнер –білімге қызықтыра отырып, балаларды еңбексүйгіштікке баулайды.

Ыбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері әлеуметтік мәселелерге де арналған. Бұған "Өсиет өлеңдер", "Әй жігіттер" тәрізді т.б. өлеңдерін атауға болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан үрлық- қарлықты, астамсу, әділетсіздікті сынап, еңбексіздікті, естілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адап- еңбектің адамгершілік мінез- құлықтың артықшылықтарын бейнелейді. Мысалы:

Араз бол, кедей болсан, үрлықпенен,  
Кете бар, кессе басың, шыңдықпенен.  
Қорек тал бейнеттен де, тәңірім жәрдем,  
Телмірме бір адамға мұндықпенен.  
Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз  
Азган елдің ішінен  
Альс- альс қашыңыздар  
Зияндасты кісіден.  
Жақсыны көзден салмаңыздар,  
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар...

Ыбырайдың мұндай өлеңдері бүгін де ескерді, мән –мағынасы көнерді дег айта алмаймыз.

Ақынның бірлі – жарым өлеңдері табиғаттың сұлу көрністерін суреттеуге арналған. Мұндай лирикалық өлеңдер Ыбырайға дейін қазақ әдебиетінде кездеспейтін. Өйткені пейзаждық лирика, көбінесе, жазба әдебиетке тән. Табиғат сұлулығын жырлау – орыс әдебиеттінде, т.б. елдердің әдебиеттінде ХVIII ғасырдан келе жатқан белгілі дәстүрлердің бірі. Ыбырайдың "Жаз", "Өзен" өлеңдері көркемдік келісім жағынан (халық өмірімен байланыс, өлкетану т.б.) окушының жан дүниесінде жайдары сезім туғызып, көнілді әсер қалдырады. Табиғат көрністерін суреттеу жағынан да Ыбырай мен Абайдың арасында үндестік бар. Олардың орыс әдебиетімен жақсы таныстыры көрінеді.

Ыбырайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерінен ақындық шеберлігі де көрініп түр. Зерттеушілер бұл өлеңдердің халық арасына кеңінен таралғандығын атап көрсетеді. Сондай- ақ ағартушы ғалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата- ана алдындағы перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан. Бұл өлеңдердің біз бастауыш сыныптардан-ақ жатқа айтып жүрміз. ("Бұл кім?", "Ананың суюі", "Балғожаның хаты" ...)

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі- проза жанры болды. Оның "Бай баласы мен жарлы баласы", "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Надандық", "Лұқпан хакім", т.б. бірсынша шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәүірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді.

"Бай баласы мен жарлы баласы" – Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме окушысын еңбек етуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Үсеннің іс-әрекеттің жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімeden сол дәүірден өмір көрністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Жарлы баласы Үсен – тұрмыстың ауыртпалығын көре жүріп, ысылған еңбек адамы. Ауылдары көшіп кетіп, жұртта қалған екі баланың далада тамақ тауып жеуіне, ауылдың калай қарай көшкенін анғаруына, түнде далада түнегенде ит-құстан сақтануына Үсеннің тапқырлығы мен еңбеккүмарлығы себеп болады. Ал бай баласы Асан – өмір үшін күресудің жолын білмейтін, шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан. Кісі еңбегімен күн көріп, бейқам болып өскен бай баласының басына күн тұғандағы дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы келешек Үсендер жағында екенін анғартады. Сейітіп, жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей, жалқау болып өскен бай баласындей болмай, қыншылыққа төзімді, өнерге бейім, еңбек сүйгіш жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздады.

Ыбырай Алтынсариннің айтулы шығармасының бірі- "Қыпшақ Сейітқұл". Сейітқұлдың іс-әрекеттінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысусы, бұл көсіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу, т.б.), сүйтіп, оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сипаттайды. Әңгіменің тәрбиелік жағы-осында жаңашылдық бағытында. Сол арқылы қоғамдық құбылыстармен жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсаты көзделген. Эрі бұл әңгіме тарихи болған оқиғаның негізінде жазылса керек. Оны автордың өзі атап көрсетеді.

Көркем әдебиеттің күрделі жанры - әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла төрізді (1-2 эпизодтан тұратын көркем қысқа әңгіме) шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұргыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бүндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді. Ол әңгімелерді баланың санасына жеткізумен қатар оны әр бала санасына жеткізумен қатар оны әр баланың жеке іс-тәжірбиесімен байланыстыруына мүмкіндік береді. Әңгімені, не мысалды талдау барсында әр балаға «сіз не істер едіңіз?» деп, оны дәл сол оқиға жағдайына түсіру қажет етеді. Соның нәтижесінде әр оқушысынан ойланып, санасына ой түйеді.

Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысының шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар," – деп жазды.

Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ.

Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген. Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, енбекті сую, қадірлеу, жақсы мінез- құлышқа бағыттау, халқын сую махаббат-мейірім (ана-бала) перзенттін парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз.

Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен- бірі ұштастырыла суретtelіп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз.

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан-жақты талантты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин- реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін курескер, тұңғыш кеменгер. Өзім қазақ тілі мен әдебиет маманы болғандықтан , «Ыбырай Алтынсарин» тақырыбында өтетін сабактарда оның тәрбие мәселесіне баса назар аударып, оның шығармаларындағы гуманизм мен патриотизмді алға тартып, окушыларды ұлы педагогтың қағидаларын ұстана отырып, тәрбиеleуге тырысамын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы, 1991.
2. Ы.Алтынсарин Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1994.
3. Ы.Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы, 1988.

### БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДАҒЫ Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ЖӘНЕ АГАРТУШЫЛАРДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ РОЛІ

*Рахметова К.М.*

*Нұржан Наушабаев атындағы Затобол орта мектебі*

Білім-қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, үрпақты-үрпаққа сабак-тастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізben бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сондаға біздің үрпақ өз тілін, өз ділін, ұлттық танымын ғасырлар бойы сақтайды.

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы гүмірын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманың өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің агартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор таланттың, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің "желкілдеп өскен кек шәптей" жас үрпағын оқытып, тәрбиеleуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, окушыларды өз кезінің озық ғылымиымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

Қазақ даласына білім нұрын шашқан ұлы кеменгер ұстаз, оқу-білім саласына ерекше еңбегімен өмірлік мұра қалдырған тұңғыш кеменгер ағартушы.

Ыбырай халықтың өміріне, тарихында орны бөлек, аз өмірін халық тағдырымен бөліп қарай алмайтын ерекше нұрлы ғұламалардың бірі. Тарихтың соқпағынан халық өз даналығымен ерлігімен мұқалмас үміт арманымен өтеді десек, сол жолға қосқан үлесі ерек-